

# ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ HISTORY, PHILOSOPHY AND SOCIOLOGY

FTAMP 03.20

## XIX ҒАСЫРДА АҚТӨБЕ УЕЗІНДЕГІ БОЛЫСТАР ЖӘНЕ БОЛЫСТЫҚБАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

БАҒЫНДЫҚОВА Д.М.\*  , Г.Б. ИЗБАСАРОВА 

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

\*E-mail: [bagindikova.d@mail.ru](mailto:bagindikova.d@mail.ru)

**Аңдатпа.** Бүгінгі таңда, қазақ халқының «Жаңа Қазақстан» құру жолында ұлттық жаңаруы мен тәуелсіздігіміздің нық берік қалыптасу жолында, тарихымыздың кейбір кемшіл тұстарын толықтырып, тарихи шындықтарды қалпына келтірудің маңыздылығы артуда. Сол бір кемшіл тұстарының бірі XIX ғ. Патша үкіметінің қазақ халқын жаулап алу мақсатында бір жағынан қарулы күшке, отарлау апаратына, екінші жағынан, қазақ шонжарларының феодалдық басшы топтарына сүйеніп өз жұмыстарын жүргізген саясаты болатын. Ресей империясының құрамындағы Қазақстандағы басқару жүйесін дамыту мәселесі отандық тарих ғылымында өзекті болып табылады. Бұл мәселенің өзектілігі дәстүрлі билік институттарын зерттеуге деген қызығушылықтың артуына байланысты туындап отыр. XIX ғасырдың екінші жартысындағы реформалар көшпелі қауымдардың басқару тетіктерін өзгерткен болатын.

Бұл мақалада Патша үкіметінің еңгізген реформаларынан кейінгі Ақтөбе уезіндегі әкімшілік басқару құрылымындағы болыстардың рөлі және олардың маңыздылығы туралы зерделенеді. Бұрын жарияланбаған мұрағат құжаттарына сүйене отырып, мақалада Ресей империясының далалық өлкелерінің байырғы тұрғындарының қазақ даласында 1868 жылғы әкімшілік реформаны жүзеге асырудағы нақты бір жағдайы қарастырылады. Зерттеу жұмысында 1881-1883, 1884, 1899 жылдардағы Ақтөбе уезіндегі болыстардың тізімі мұрағат құжаттары бойынша берілген.

**Кілт сөздер:** әкімшілік реформа, болыстар, басқару жүйесі, Ақтөбе уезі, Ресей империясы, билік жүйесі.

XX ғасырдың ортасында Ресей патшалығының саясатында жаңа кезең басталды. Бұл солтүстік-батыс және орталық Қазақстанды толығымен Ресей патшалығына қосу мақсатында әкімшілік басқару жүйесіне өзгеріс енгізу арқылы жүзеге асырылды.

Патша үкіметі 1867 жылы 11 шілдеде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі Ережені», ал 1868 жылы 21 қазанда «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын бақару жөніндегі Уақытша Ережені» бекітті. Оның басты мақсаты сұлтандар табын биліктен түпкілікті жою және жалпы империялық басқаруды енгізу болды.

«Уақытша Ережелер» бойынша Қазақстан территориясы үш генерал-губернаторлыққа және алты облысқа бөлінді. Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына Жетісу және Сырдария облыстары, Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының құрамына Ақмола және Семей облыстары кірді. [1, 27 б.]

Облыстарды басқару Орынбор генерал-губернаторлығының тікелей басшылығында болды. Әр облыстың басында Ресей патшалығының ішкі гебернаторлық құқық пен міндеттеріне ие болған әскери губернаторлар тұрды.

Шын мәнінде, 1868 жылғы 21 қазандағы «Уақытша Ереже...» қазақ даласын басқарудың әкімшілік жүйесін өзгертіп қана қойған жоқ, сонымен бірге жаңа әлеуметтік элитаның қалыптасуына негіз болды. «Уақытша Ереженің...» §65 тармағына сәйкес «халықтың құрметі мен сеніміне ие болған», «сотта жала жабылмаған» және «тергеуде болмаған» қазақ (кемінде 25

жаста) болыстық билеушісі қызметіне сайлануы мүмкін еді. Болыс басшылары әр 50 киіз үйден бір адам қатысқан болыс съездерінде (сайлаушылар жиналысында) сайланды. Сайлаудан кейін әскери губернатор болыс басшыларын үш жылға тағайындады. Болыс штабы аудан орталығына біршама жақын жерде орналастырылды.

1869 жылдың қазан айына қарай Торғай облысы 4 уезге бөлінді: Елек (орталығы Елек қорғанысында), Николаев (Николаев станицасы), Ырғыз (Орал бекінісі, 1869 ж. Ырғыз деп өзгертілді), Торғай (Орынбор бекінісі). Уездік басқарманың басында сұлтан билеушілердің түпкілікті жойылған билігінің орнына орыс шенеуніктерінен тағайындалған уезд басшылары тағайындалды. Уезд басшыларының құқықтары мен міндеттері Ресей патшалығының ішкі губернияларындағы полиция қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттеріне тең болды. Орал облысының, Торғай облысының екі уезінің – Ырғыз және Торғай уездерінің уезд басшыларына әскери бөлімдерді өздеріне бағындыру құқығы берілді. [2, 134 б.]

Облыстар уездерге, уездер болыстарға және ауылдарға бөлінді. Болыстарға 1000-2000, ауылдарға 100-200 аралығындағы шаңырақ бірігуі тиіс болды. Бір ауылдан екінші ауылға өтуге енді өкіметтің рұқсаты қажет етілді. Аталмыш құжатта болыстардың құрылу принципі былайша көрсетіледі: «болыстар жергілікті қолайлылықтар ескеріліп, қыстаулардың пайдаланылуына қарай көршілес орналасқан ауылдардан құрылады» (60-бап). Бір ауылдан екінші ауылға өту тек өкіметтің рұқсатымен жүзеге асырылады (61-бап). [3]

1869 жылы Ақтөбе уезінің территориясының аумағында 8 болыс құрылды: Ақтөбе, Аралтөбе, Теректі, Тұзтөбе, Бөрте, Қаратоғай, Ойсылқара, Қобда. Материалдар мен зерттеу әдістемесі

XIX ғасырда Ақтөбе уезінде билік еткен болыстарды зерттеу үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылды – зерттеулер нәтижесінде алынған материалдарды талдау және өңдеу. Зерттеу барысында тарих ғылымының объективтілік, тарихилық принциптері басшылыққа алынды. Сонымен қатар, талдауда проблемалық-хронологиялық, тарихи-салыстырмалық әдістер кеңінен қолданылды. Мақаланы жазу барысында архив материалдарымен жұмыс жасалынды. Архив құжаттарын сараптап, іріктеп, жүйелеу, талдау әдістері негізінде жүзеге асты.

#### **Нәтижелер және оны талқылау**

Жаңа әкімшілік шекаралар ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі халықтың тарихи тәртібімен сәйкес келмеді. 1868 жылғы әкімшілік басқару реформасының жүзеге асырылуымен байланысты шаруашылықты жүргізудің дәстүрлі тәртібінің бұзылуы, жайылым жерлер үшін рулар арасындағы талас, болыстыққа және ауыл старшындығына сайлаулар кезіндегі айтыс-тартыстар болыстардың одан әрі бөлшектенуіне, жаңа болыстар мен ауылдардың пайда болуына әкеліп соқты. Мысалы, Торғай облысында 1869 жылы 149 ауыл болса, 1894 жылы олардың саны 318-ге жеткен. [4]

Ақтөбе уезінің солтүстік-шығыс бөлігінде Аралтөбе (Ор өзенінің төменгі ағысы, Орал өзенінің солтүстік-батыс жағалауы), Ойсылқара болыстары орналасқан. Болыстардың көшу аймақтары солтүстігінде Қостанай уезінің Құмақ болысып шектесті. Аралтөбе болысының аймағында Ор бойында көшетін, Ащыбұтақ, Аққұдық, Ақжар, Рарыбұлақ, Қояндықұл шатқалдарында 40 жылдай өмір сүрген жағалбайлы руы өмір сүрді. [5, 8 б.]

<b>Болыс атауы</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Билік еткен жылдары</b>
Аралтөбе (1890 ж. құрылды)	Беркимбай Бучибаев	1869-1896 1881 жылы 4 наурыз №862
	Мирали Беркимбаев	1889 жылы 11 қазан
	Бирмагамбет Чурын	1889
	Лаикжан Беркимбаев	1899
	Омар Досов	1905
	Тават Кушанов	1908-1910

	Симагамбет Тавашев	1913, 1916-1917
Ойсылқара	Тынымбай Сандыбеков	1878, 1890-1892
	Байтюрә Жарынбаев	1881 жылы 4 наурыз №862
	Капа Тюрежанов	1889, 1890-1892
	Ахмед Бикмурзин	1890-1892
	Нурмухамед Алданазаров	1899
	Сагинтай Урғанбаев	1902
	Хаким Кийкин	1908-1910

**1-сурет.** Аралтөбе және Ойсылқара болыстарындағы билік еткен болыс басшылары

ҚР ОБА құжаттарында 1881 жылы 4 наурызда Аралтөбенің болыс басшысы ретінде Беркимбай Бучибаев №862 бұйрық бойынша сайланды, оның үміткері болып Мирали Беркимбаев болды [6, 15 б.]. Келесі құжаттарда 1889 жылы 28 қазанда №84 бұйрық бойынша 1890-1892 жылдарға Аралтөбе болыс басшысы болып Мирали Беркимбаев, ал сот билері болып Мәкан Баяубаев, Нысангул Чурин, Бержикай Абдуллин, Тугунбай Майлибаев және Ақдаулет Баубекөв, Бөкан Тоганасов, Жумабек Жамажарин, Бөкан Чағырбаев сайланды. Мирали Беркимбаев сайлауда 29 дауыс жинап, соның ішінде 27-сі таңдап, 2-і қарсы дауыс берді. [7, 33 б.]

Ойсылқара болысында 1881 жылы 4 наурызда №862 бұйрық бойынша Байтюрә Жарынбаев болыс басшысы болып, ал үміткері Капа Тюрежанов сайланды [6, 13 б.]. 1889 жылы 26 қазанда №85 бұйрық бойынша 1890-1892 жылдарға болыс басшысы болып Тынымбай Сандыбеков, ал сот билері болып Бикентай Байжанов, Иркимбай Байбусынов, Юсуп Кумпеев, Досмагамбет Саметов, Кутлас Темирбеков, Божир Кенжебеков, Хаким Кейкин және Суюнчали Афиев тағайындалды [7, 42 б.]. Тынымбай Сандыбеков 1876 жылы жақсы қызмет атқарғаны үшін мақтау парағын иеленген [8, 331 б.].

Орал, Бердянка өзендерінің бойында орналасқан Бөрте, Тұзтөбе, Теректі болыстары (уездің батыс бөлігі) Орынбор казак әскер шебімен шектесті. Ф.Щербин экспедициясы Бөрте болысы қазақтарының рулық құрамында Орта жүз, атап айтқанда уақ рулары кіргендігін атап өтті. Болыс аумағында Кіші жүз ханы Шерғазы Айшуақовтың ұрпақтары, соның ішінде ұлы Нұрмухамед Шерғазиев және немересі Темірболат Мұхамедқазиев өмір сүрген. [9]

Теректі болысының аумағында 140 жыл бұрын Сырдария болысынан көшіп келген қазақ халқы өмір сүріп жатты. Әлімбет өзенінің бойында мал бастарына үй-жайлары салынған негізгі шабындықтары болды.

Болыс атауы	Аты-жөні	Билік еткен жылдары	
Бөрте	Мамбеджан Ибрагимов	7 Қаңтар 1881 г.	
	Кидржан Досов	1881	
	Пангерей Нурмухамедов	1889-1903	
	Сеит Нурмухамедов	1890-1892	
	Камак Аралбаев	1890-1892	
	Сабыр Кийкин	1902	
	Альмухамед Байбусынов	1903	
	Мухамеджан Ибрагимов	1903-1907	
	Казихан Абитов	1913	
	Задыгирей Нурмухамедов	1913-1917	
	Калбий Кузкин	1916-1917	
	Тұзтөбе (1869ж. құрылды)	Джаманшал Муктыбаев	1869, 1881
		Сагитдин Таджиков	1878-1880
Рысмухамед Гайсин		1881, 1887-1889	
Сальбаев		1890	
Давлет Тажиев		1890-1892	

	Абиль Тюлькубаев	1895-1909
	Сарбай Медетов	1900-1917
Теректі (1869ж. құрылды)	Иртлес Исин	1878-1880
	Асан Нысанбаев	4 наурыз 1881 ж.
	Каратай Акжиулов	1881
	Ирмагамбет Иргарин	1890-1892
	Ибрагим Исинов	1890-1892
	Кульжан Сайбулов	1899
	Малбак Тажигулов	1902
	Нурмухамед Ирмухамедов	1913,1916,1917

2- сурет. Бөрте, Тұзтөбе және Теректі болыстарындағы билік еткен болыс басшылары

Тізім ҚР ОБА құжаттарына сүйене отырып болыс басшыларының билік еткен жылдары реттілік бойынша жасалынды. 1881 жылы 7 қаңтар күні Бөрте болысының басшысы болып №70 бұйрық бойынша Мамбеджан Ибрагимов сайланды, оның үміткері – Кидржан Досов. Мамбеджан Ибрагимов №1976 бұйрықпен 1881 жылы болыс басшылығынан алып тасталынды [6, 1 б.]. 1889 жылы 5 қазанда 1890-1892 жылдарға үш жылға болыс басшысы болып Сеит Нурмухамедов, үміткері болып Камак Аралбаев сайланды [7, 16 б.]. 1899 жылы 30 желтоқсанда болыс басшысы болып Пангирей

Нурмухамедов тағайындалды [10, 41 б.].

Тұзтөбе болысының басшысы болып 1881 жылы 4 наурызда №862 бұйрық бойынша Рысмұхамед Гайсин, үміткері болып Джаманчал Мактыбаев сайланды [6, 7 б.]. Рысмұхамед Гайсин мақтау парағын және күміс медальды иеленді [8, 331 б.]. 1889 жылы 25 қарашада 1890-1892 жылдары үш жылға болыс басшысы болып Давлет Тажиев тағайындалды [7, 96

б.]. 1899 жылы 30 желтоқсанда болыс басшысы болып Абиль Тюлькубаев сайлады [10, 40б.].

Теректі болысының болыс басшысы болып 1881 жылы 4 наурызда №862 бұйрық басшысы болып Асан Нысанбаев, ал үміткері болып Каратай Акжиулов сайланды [6, 11 б.]. 1889 жылы 10 қазанда 1890-1892 жылдарға үш жылға болыс басшысы болып Ирмагамбет Иргарин, ал үміткері болып Ибрагим Исинов тағайындалды [7, 24 б.]. 1899 жылы 30 желтоқсанда болыс басшысы болып Кульжан Сайбулов тағайындалды [10, 41 б.]. 1878-1880 жылдары болыс басшысы болып үкіметке адал қызмет атқарғаны үшін Иртлес Исин мақтау парағын иеленді (1868) [8, 330 б.].

Қобда болысы солтүстігінде Темір уезінің Қалмақ-қырған болысымен және Орал облысының Орал уезімен шектесті. Ойыл өзені шығыстан батысқа қарай ағып, Қобда болысының аумағынан өтті.

Болыс атауы	Аты-жөні	Билік еткен жылдары
Қобда (1869ж. құрылды)	Байжан Жангуттыев	1869-1871, 1878-1884
	Жумабай Турумов	4 наурыз 1881 ж., 1899, 1903
	Кулбарак Тунгатаров	1881
	Буркут Абишев	1895, 1902
	Саркул Сальбаев	1890-1892
	Сеил Байманов	1903-1913
	Кирей Жумабаевич Турумов	1913-1917

3-сурет. Қобда болысында билік еткен болыс басшылары

ҚР ОБА құжаттарында кейбір болыс басшыларының аттары әр жылдары әр құжатта әртүрлі болып келеді. Мысалы, 1881 жылы 4 наурыздағы №862 бұйрық бойынша үш жылға тағайындалған болыс басшысының аты Жумабай Турумов деп жазылса [6, 9 б.], ал 1899 жылы 30 жетоқсандағы бұйрық бойынша Джумабай Турумов деп жазылған [10, 39 б.]. Бұл құжаттардан бір адамның болыс басшысы болып бірнеше рет сайлана алатындығын көре аламыз.

Ақтөбе, Қаратоғай болыстары уездің ішкі аудандарына кірді. Көші аймақтары Жақсы-Қарғайлы өзендерінде және оның салаларының (Қос-Істек, Дамбар, Чанды, Чанчар) аумағын қамтыды. Ақтөбе уезінің болыстарының саны жарты ғасыр ішінде артып, 1917 жылға қарай 19-ға жетті. Жоғарыда көрсетілген көптеген болыстар кейін бөлінуге ұшырады. Жаңа болыстардың құрылуының негізгі себебі, бір жағынан, халықтың табиға өсуі және тиісінше, 1868 жылы 21 қазанындағы «Уақытша Ереженің» 59-бабына және 1891 жылғы «Дала Ережесінің» 56-бабына сәйкес киіз үй санының асып кетуі (әр болыстағы киіз үй саны 1000 болу қажет және 2000-нан аспау керек), екінші жағынан рулар арасындағы келіспеушіліктер. Мысалы, 30 жыл ішінде Бөрте болысы үш рет бөлінуге ұшырады. 1884 жылы Бөрте болысында 3 мың киіз үйден асып кеткендіктен, Бөрлі болысын құру үшін үш ауыл бөлініп шығарылды. Жаңадан құрылған болысқа рулар арасындағы (тама және жағалбайлы) келіспеушіліктен Тереклі болысының екі аулы қосылды. [4, 475 б.] 15 жылдан кейін Бөрте болысы (1899 ж.) құрамына 12 әкімшілік ауыл және 2302 шаруашылықтары кіретін ең тығыз қоныстанған болысқа айналды. 1902 жылға қарай халық саны 2465 киіз үй болды, бұл басқаруда белгілі бір қиындықтарды туғызды, сондықтан Бөрте болысы қайтадан бөлінді. Нәтижесінде 1200 киіз үйден тұратын 2-ші Бөрте болысы құрылды [11, 142-144 б.].

Болыс атауы	Аты-жөні	Билік еткен жылдары
Ақтөбе (1869ж. құрылды)	Карий Сулейманов Исентай Косубаев	1880-1896 25 ақпан 1881 ж., 1890-1892, 1894
	Жармағамбет Косубаев	1881
	Бектыбай Бикайдаров	1899-1903
	Карим Сулейманов	1913-1917
Қаратоғай (1869ж. құрылды)	Аблай Биктурлин	7 қаңтар 1881 ж.
	Даржан Түребеков	1881, 1899
	Би Баймурат Туркебаев	20 наурыз 1881 ж.
	Джанбусын Джанкузин	1881
	Кенжегул Коткумбаев	1902
	Мурзагул Журунов	1908-1910
	Жаксылық Кенжегулов	1916,1917

**4-сурет.** Ақтөбе және Қаратоғай болыстарында билік еткен болыс басшылары

1881 жылы 25 ақпанда Ақтөбе болысының болыс басшысы болып үш жылға Исентай Косубаев, үміткері ретінде Жармағамбет Смагилов тағайындалды [6, 5 б.]. Исентай Косубаев болыс басшысы болып тағы да 1889 жылы 25 қазанда үш жылға сайланды [7, 47 б.].

Белгілі Ақтөбе болысының билерінің бірі Сулейман Кенжебаев 1869-1871 жылдар аралығынды қызмет атқарды. Би қызметіне дейін 1868 жылдың 5 маусым – 2 қараша аралығында

29 – династияның басшысылық қызметінде болды. Ол өзінің Патша үкіметіне деген еңбегі үшін станицлав лентасының күміс медалімен марапатталды [9, 325 б.].

Қаратоғай болысының болыс басшысы болып 1881 жылы 7 қаңтарда үш жылға Аблай Биктурлин және үміткері болып Даржан Тюребеков сайланды [6, 3 б.]. Даржан Тюребеков болыс басшысы болып 1889 жылы 25 қарашада үш жылға тағайындалды [7, 58 б.].

Қаратоғай болысының белгілі билерінің бірі Джангура (Жиянчура) Исельбаев болды. Адал қызметі үшін 1869 жылы Кафтан медалімен, 1870 жылы күміс төсбелгісімен, 1873 тағы да күміс медалімен марапатталды [9, 329 б.].

ҚР ОБА құжаттарынан кейбір болыстарда бір әулеттен әкеден балаға жалғасып болыс басшысы болып сайланып отырғандығын көре аламыз. Мысалы, Кейкіндер (Берлі болысы), Нысановтар (Берлі болысы), Беркімбаевтар (Аралтөбе болысы), Нұрмұхамедовтер (Берте болысы).

Болыс басшылары өз міндеттерін асыра пайдаланған және орындамаған жағдайда, уездік бастықтың ұсынуы бойынша губернатордың бұйрығымен қызметтен босатылуы мүмкін. Төтенше жағдайларда уезд басшылары әскери губернаторға есеп бере отырып, болыс басшыларын алып тастауға құқылы болды. Мысалы, Тұзтөбе болысының № 1 және 2- ші ауылдарының қазақтары (К.Койгильдин, Н.Жекеимбетов, К.Куттвбаев, М.Балгабев, М.Бектурлин) Тұзтөбе болысының басшысының парақорлығы туралы олардан ақша алғандығын мәлімдеді. Істің мән-жайын анықтау үшін арнайы аға чиновник майор Хотинскийге тапсырылды, ол уезд басшысына «даладағы жағдайдың тыныштығын сақтау үшін» болыс басшысын уақытша қызметінен алып тастауды ұсынды [12]

### **Тұжырым**

Қорытындылай келе, патша үкіметі әкімшілік басқару жүйесін өзгерту мақсатында жүргізілген 1868 жылғы реформаның негізінде халық бостандығынан айырылды, шұрайлы жерлерін жоғалтты, адам айтқысыз езгіге түсті, тонаушылыққа ұшырады. Тағы бір айтаететін жай, жаңа әкімшілік-басқару реформасы арқылы қазақ қоғамын бөлшектеуге де кең негіз жасалды. Патша үкіметінің осы бағыттағы әрекеттерінің нәтижесінде іштей бөлініп-жарылып,өзінің ұлттық тұтастығы мен саяси бірлігіне қол жеткізе алмай, өзін-өзі билеу және қорғау қабілетінен айырылған қазақ қоғамы Ресей империясының отарлық, жаулап алушылық саясатына жалпы ұлттық деңгейде қатты қарсылық көрсете алмады.

Өлкелік, облыстық, уездік органдардың барлық сатыларына басшылыққа және қатардағы әкімшілік қызметтерге тек орыс офицерлері мен чиновниктері тағайындалды. Ал қазақ халқын билеу жүйесі мен басқару тізбегінде қазақтардың өзіне тек бір ғана қызмет берілді, ол – уезд бастығының кіші көмекшісі, болыс қызметі болатын.

Сонымен қатар, патша үкіметі қазақ халқын өз жағына тарту мақсатында болыс басқарушыларын көтермелеу шараларын жүргізді. Мысалы, материалдық (патшаның атынан алтын және күміс заттар) және ақшалай сыйақы, медальдарға ұсыну (патшаға немесе Отанға адал қызметі үшін) секілді марапаттар тағайындау арқылы болыс басшыларына жағынып отырды.

Патша үкіметінің осындай қанқұйлы, зымиян саясаты қазақ елін өз жеріне иелік құқынан, өз ұлттық мемлекеттік негізін нығайту мүмкіншілігінен, ұлттық мүддесін қорғау, ұлттық ерекшеліктерін сақтау қабілетінен айыру жолына түсірді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әбенова Б. 1868 жылғы әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі – Ақтөбе өлкесі, 2006 ж. – 27 б.
2. Абдрахманова Б.М. История Казахстана: власть, система управления. Астана, 1997.
3. Материалы по истории государства и права Казахстана (вторая половина XIX – начало XX веков). – Алматы: Атамұра, 1994. – 284 с.

4. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк//Известия Ор. Отд. ИРГО.-Вып.17 ....-С.492
5. Материалы по киргизскому землепользованию. Тургайская область: Актюбинский уезд. Т.7, Воронеж, 1903.
6. ЦГА РК, ф.25, оп.1, д.457.
7. ЦГА РК, ф.25, оп.1, д.471.
8. Султангалиева Г.С. Институт волостных в системе управления казахской степью (XIX-начало XX вв.). Алматы, 2018.
9. Тургайские областные ведомости, 21 апреля 1894, №16, 17.
10. Памятная книжка Тургайской области 1899 года. Издание Тургайского областного статистического комитета, Оренбург.
11. ЦГА РК, ф.25, оп.1, д.274.
12. ЦГА РК, ф.25, оп.1, д.562. 27 p.

### References

1. Abenova B. Administrative reform of 1868 and Orynbor region - Aktobe region, 2006. -27
2. Abdrakhmanova B.M. History of Kazakhstan: power, management system. Astana, 1997.
3. Materials on the history of the state and law of Kazakhstan (second half of the 19th - beginning of the 20th centuries). - Almaty: Atamura, 1994. - 284 p.
4. Dobrosmyslov A.I. Turgay region. Historical essay//Izvestia Or. Otd. IRGO.-Vyp.17 ....-S.492 1903.
5. Material on Kyrgyz land use. Turgay oblast: Aktyubinsky district. Volume 7, Voronezh, 6. TsGA RK, f. 25, op. 1, d. 457.
7. TsGA RK, f. 25, op. 1, d. 471.
8. Sultangaliev G.S. Institute of volosts in the management system of the Kazakh steppe (XIX-early XX centuries). Almaty, 2018.
9. Turgaiskie oblastnye vedomosti, April 21, 1894, No. 16, 17.
10. Memorial book of the Turgai region in 1899. Publication of the Turgai regional statistical committee, Orenburg.
11. TsGA RK, f. 25, op. 1, d. 274.
12. TsGA RK, f. 25, op. 1, d. 562.

## ВОЛОСТИ АКТЮБИНСКОГО УЕЗДА И СИСТЕМА ВОЛОСТНОГО УПРАВЛЕНИЯ В XIX ВЕКЕ

Д.М.БАГИНДЫКОВА \* , Г.Б.ИЗБАСАРОВА 

Актыубинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан

\*E-mail: [bagindikova.d@mail.ru](mailto:bagindikova.d@mail.ru)

**Аннотация.** На сегодняшний день, на пути национального обновления и прочного становления независимости казахского народа, на пути создания «нового Казахстана», возрастает важность восстановления исторических реалий, восполнения некоторых недостатков нашей истории. Одним из недостатков было то, что в XIX в. царское правительство проводило свою работу с целью завоевания казахского народа, опираясь, с одной стороны, на вооруженные силы, колониальный аппарат, а с другой на феодальные правящие группы казахских шонжаров. Проблема развития системы управления в Казахстане в составе Российской империи является актуальной в отечественной исторической науке. Актуальность данной проблемы обусловлена растущим интересом к изучению традиционных институтов власти. Реформы второй половины XIX века изменили механизмы правления кочевых общин.

В данной статье будет изучена роль волостей в структуре административного управления Актобинского уезда после реформ царского правительства и их значение. Опираясь на ранее не публиковавшиеся архивные документы, в статье рассматривается конкретный случай коренного населения степных краев Российской империи в осуществлении административной реформы 1868 года в казахской степи. В исследовательской работе представлен список волостей Актобинского уезда за 1881-1883, 1884, 1899 годы по архивным документам.

**Ключевые слова:** административная реформа, волость, система управления, Актобинский уезд, Российская империя, система власти.

## THE VOLOSTS AND THE MANAGEMENT SYSTEM OF VOLOSTSIN THE 19<sup>TH</sup> CENTURY

BAGYNDYKOVA D.M.\* , G.B.IZBASAROVA 

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

\*E-mail: [bagindikova.d@mail.ru](mailto:bagindikova.d@mail.ru)

**Abstract.** Today, on the path of national renewal and the lasting establishment of independence of the Kazakh people, on the path of creating a “new Kazakhstan”, the importance of restoring historical realities and making up for some of the shortcomings of our history is increasing. One of the disadvantages was that in the 19th century. The tsarist government carried out its work with the goal of conquering the Kazakh people, relying, on the one hand, on the armed forces, the colonial apparatus, and on the other, on the feudal ruling groups of the Kazakh shonjars. The problem of developing the management system in Kazakhstan as part of the Russian Empire is relevant in domestic historical science. The relevance of this problem is due to the growing interest in the study of traditional institutions of power. Reforms in the second half of the 19th century changed the mechanisms of government of nomadic communities.

This article will study the role of volosts in the administrative structure of Aktobe district after the reforms of the tsarist government and their significance. Based on previously unpublished archival documents, the article examines the specific case of the indigenous population of the steppe regions of the Russian Empire in the implementation of the administrative reform of 1868 in the Kazakh steppe. The research work presents a list of volosts of the Aktobe district for 1881-1883, 1884, 1899 based on archival documents.

**Key words:** administrative reform, volosts, management system, Aktobe district, Russian Empire, system of power.